

Қарағанды индустриялық университеті КеАҚ

ӘОЖ 547.057:547.7:661.7:615.31

Қолжазба құқығында

МЕНДИБАЕВА АНЕЛЬ ЖАНАТОВНА

**Ароматты және пиридинкарбон қышқылдарының жаңа биоактивті
туындыларын әзірлеу**

8D07103 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:

химия ғылымдарының докторы,
профессор Нуркенов О.А.

химия ғылымдарының кандидаты,
профессор Кабиева С.К.

медицина ғылымдарының докторы,
профессор Жаутикова С.Б.

Шетелдік кеңесші:

химия ғылымдарының докторы,
профессор Кулаков И.В. (Тюмень
мемлекеттік университетінің химия
институты)

Қазақстан Республикасы
Теміртау, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ӘДЕБИ ШОЛУ.....	11
1.1 Никотин және изоникотин қышқылдарының биологиялық белсенді туындылары.....	11
1.2 Изоникотин қышқылының гидразондары, жаңа фармакологиялық заттарды іздеудегі перспективті синтондар ретінде.....	16
1.3 Гидроксibenзой қышқылдары және олардың туындылары.....	27
1.4 Әдеби шолу бойынша қорытындылар.....	29
2 НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР.....	30
2.1 2-метил-5-нитро-6-фенилникотиногидразид негізінде жаңа гидразондардың синтезі.....	30
2.2 Никотин қышқылы негізінде жаңа гидразондардың синтезі.....	36
2.3 Изоникотин қышқылы негізінде жаңа гидразондардың синтезі.....	38
2.4 2- және 4-гидроксibenзой қышқылдары негізінде жаңа гидразондардың синтезі.....	42
2.5 Пиридинкарбон және гидроксibenзой қышқылдарының гидразондарының гетероциклизациясы.....	45
2.6 Никотин қышқылының жаңа амидтерінің синтезі және құрылымы.....	48
2.7 Пиридинкарбон қышқылы азидінің синтезі және модификациясы....	50
2.8 Табиғи алкалоидтардың фрагменттері бар никотин қышқылының жаңа тиомочевина туындыларының синтезі және құрылымы.....	57
2.9 2-метил-5-нитро-6-фенилникотин қышқылы негізінде тиосемикарбазидтердің синтезі	59
2.10 Нафтилтиосемикарбазидтердің синтезі және олардың β-тұйықдекстринмен супрамолекулалық кешендерін алу.....	61
2.11 Тұйықдекстриндермен никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксibenзой қышқылдары гидразондарының клатратты кешендерінің түзілу механизмдерін молекулалық модельдеу.....	64
2.12 Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксibenзой қышқылдары гидразондарының супрамолекулалық қосылыстарын алу.....	67
2.13 2-((2-изоникотиноилгидразоно)метил)бензой қышқылының суда еритін субстанциясын өндірудің зертханалық регламенті.....	71
2.13.1 Соңғы өнімнің сипаттамасы	71
2.13.2 Субстанцияны өндірудің химиялық сызбасы.....	72
2.13.3 Субстанцияны өндірудің технологиялық сызбасы.....	73
2.13.4 Технологиялық процесстің сипаты.....	74
2.13.5 «Гинказон» субстанциясын өндірудің аппаратуралық сызбасы.....	75
2.14 Синтезделген қосылыстардың биологиялық белсенділіктері.....	80

2.14.1	2-((2-изоникотиноилгидразоно)метил)бензой қышқылының және оның суда еритін түрі - «Гинказонның» цитоуыттылығын зерттеу..	80
2.14.2	2-метил-5-нитро-6-фенилникотин қышқылы гидразондарының микробқа қарсы белсенділігі.....	81
2.14.3	Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразондарының және нафтилтиосемикарбазидтердің вирусқа қарсы белсенділігін зерттеу.....	82
2.14.4	Никотин, изоникотин және 4-гидроксибензой қышқылдары нафтилтиосемикарбазидтерінің гемореологиялық белсенділігін зерттеу.....	84
3	ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ	86
3.1	Қолданылатын аспаптық және биологиялық зерттеу әдістері.....	86
3.2	Қосылыстарды синтездеу әдістері	87
3.2.1	2-метил-5-нитро-6-фенилникотин қышқылының жаңа гидразондарын синтездеу әдістері.....	87
3.2.2	Никотин қышқылының жаңа гидразондарын алу әдістері.....	91
3.2.3	Изоникотин қышқылының жаңа гидразондарын алу әдістері.....	93
3.2.4	2- және 4-гидроксибензой қышқылдары негізінде жаңа гидразондар алу әдістері	97
3.2.5	Пиридинкарбон және гидроксибензой қышқылдарының гидразондарын гетероциклдеу әдістері.....	99
3.2.6	Никотин қышқылының жаңа амидтерін синтездеу әдістері	100
3.2.7	Пиридинкарбон қышқылының азидін синтездеу әдістері	101
3.2.8	Табиғи алкалоидтардың фрагменттері бар никотин қышқылының жаңа тиомочевина туындыларын алу әдістері.....	103
3.2.9	2-метил-5-нитро-6-фенилникотин қышқылының тиосемикарбазидтерін алу әдістері	105
3.2.10	Нафтилтиосемикарбазидтер мен олардың β -тұйықдекстринмен супрамолекулалық кешендерінің синтезі.....	106
3.2.11	Тұйықдекстриндермен никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразондарының супрамолекулалық кешендерін алу әдістері	107
	ҚОРЫТЫНДЫ	111
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	113
	ҚОСЫМША А – (2.40) және (2.78) қосылыстарының цитоуыттылығын зерттеу әктісі.....	126
	ҚОСЫМША Ә – (2.5), (2.8)-(2.10), (2.70) қосылыстарын микробқа қарсы белсенділікке сынау әктісі.....	131
	ҚОСЫМША Б – (2.18), (2.40), (2.43)-(2.44), (2.71)-(2.73) қосылыстарын вирусқа қарсы белсенділікке сынау әктісі.....	133
	ҚОСЫМША В - (2.71)-(2.73) қосылыстарын гемореологиялық белсенділікке сынау әктісі.....	163

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер қолданылды:

МемСТ 1770-74. Өлшеуішті лабораториялық шыны ыдыстар. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, пробиркалар. Жалпы техникалық талаптары.

МемСТ 4517-87. Реактивтер. Талдау кезінде қолданылатын қосалқы реактивтер мен ерітінділерді дайындау әдістері.

МемСТ 9775-69. Шыны сүзгілер және сүзгімен жабдықталған бұйымдар.

МемСТ 9805-84. Изопропил спирті. Техникалық шарттар.

МемСТ 12026-76. Лабораториялық сүзгі қағазы. Техникалық шарттар.

МемСТ 14261-77. Ерекше тазалықтағы тұз қышқылы. Техникалық шарттар.

МемСТ 18300-87. Этил спирті ректификацияланған техникалық. Техникалық шарттар.

МемСТ 19503-88. Гидразин-гидрат. Техникалық шарттар.

МемСТ 23932-90 Е. Зертханалық шыны ыдыстар және жабдықтар. Жалпы техникалық шарттар.

МемСТ 24104-2001. Зертханалық таразы. Жалпы техникалық талаптар.

МемСТ 25336-82. Ыдыс-аяқ пен жабдық, зертханалық шыны. Түрлері, негізгі параметрлері және өлшемдері.

МемСТ 28366-89. Мемлекетаралық стандарт. Реактивтер. Жұқа қабатты хроматография әдісі.

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ББЗ	-	Биологиялық белсенді заттар
ИНҚГ	-	изоникотин қышқылының гидразиді
Гц	-	герц
ДМСО	-	диметилсульфоксид
ДМФА	-	диметилформаид
ДТ	-	дифференциалды термогравиметрия
д.	-	дублет
д.д.	-	дублет дублеттері
кв	-	квартет
м.	-	мультиплет
МБК	-	минималды бактериостатикалық концентрация
м.б.	-	миллиондық бірлік
МИК	-	минималды ингибиторлық концентрация
СЕҚҚП	-	стероидты емес қабынуға қарсы препараттар
РҚТ	-	рентгендік құрылымды талдау
с.	-	синглет
УЖЖ	-	ультра жоғары жиіліктер
ЖҚХ	-	жұқа қабатты хроматография
т.	-	триплет
к.с.	-	кеңейтілген синглет
ФТК	-	фракциялық тежегіш концентрациясы
ХТИ	-	химиялық терапиялық индекс
DFT	-	тығыздық функционалының теориясы
DPPH	-	1,1-дифенил-2-пикрил-гидразид
COSY	-	^1H - ^1H екіөлшемді ЯМР спектрі
HMBC	-	гетероядролық көпбайланысты корреляциялық спектроскопия
HMQC	-	гетеронуклеарлы бір кванттық корреляция ^1H - ^{13}C 1 байланыс арқылы өзара әрекеттесу
НРСІН	-	2-пиридинкарбальдегидоизоникотиноилгидразон
НРКІН	-	ди-2-пиридилкетонизоникотиноилгидразон
COSY	-	гомонуклеарлы корреляция ^1H - ^1H 2 және 3 байланыстар арқылы өзара әрекеттесу
δ	-	химиялық ығысу

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысы пиридинкарбон және гидроксibenзой қышқылдарының гидразидтері негізінде жаңа көпфункционалды туындыларды алуға бағытталған. Жұмыс барысында синтезделген қосылыстардың химиялық құрылымы заманауи физика-химиялық әдістермен дәлелденіп, химиялық құрылым мен биологиялық белсенділік арасындағы өзара байланысқа талдау жүргізілді. Зерттеудің маңызды бағыттарының бірі ретінде вирусқа қарсы айқын белсенділігі бар 2-((2-изоникотиноилгидразоно)метил)бензой қышқылының суда еритін түрін алуға арналған зертханалық-технологиялық регламентті әзірлеу мәселелері қарастырылды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Дүниежүзінде жаңа вирустық және жұқпалы аурулардың таралу қаупі артып, пандемиялардың пайда болу ықтималдығы жоғарылауда. Сонымен қатар, патогенді микроорганизмдердің қолданыстағы дәрілік заттарға төзімділігінің артуы денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған байланысты биологиялық белсенділікке ие жаңа тиімді қосылыстарды іздеу қазіргі фармацевтикалық химияның басым бағыттарының бірі болып саналады. Құрамында гидразидті фрагменті бар қосылыстардың кең спектрлі фармакологиялық белсенділіктері көптеген зерттеулерде дәлелденген. Осыған орай никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксibenзой қышқылдары гидразидтерінің жаңа туындыларын синтездеу және оларды биологиялық белсенді заттардың бастапқы негізі ретінде пайдалану ғылыми әрі практикалық тұрғыдан өте маңызды болып табылады.

Мәселенің зерттелу дәрежесі. Қазіргі уақытта пиридинкарбон және гидроксibenзой қышқылдарының гидразидтерінің химиялық түрленуі бойынша эксперименттік деректердің едәуір көлемі жинақталды. 1986 жылдан бастап ҚР органикалық синтез және көмір химиясы институтында химиялық құрылым мен биологиялық белсенділік («құрылым - биобелсенділік») арасындағы өзара байланыс заңдылықтарын анықтау мақсатында никотин, изоникотин, 2-және 4-гидроксibenзой қышқылдарының гидразидтерінің туындыларын химиялық түрлендірулерге бағытталған жүйелі зерттеулер жүргізілуде.

Жұмыстың мемлекеттік ғылыми бағдарламалармен байланысы.

Диссертациялық жұмыс 2022-2024 жылдардағы «Хош иісті гидроксibenзой қышқылдары мен пиридинкарбон қышқылы негізінде дәрілік заттардың жаңа фармакофорлары мен прекурсорларының молекулалық дизайны және бағытталған синтезі» гранттық жобасы шеңберінде орындалған зерттеулердің бір бөлігі болып табылады (мемлекеттік тіркеу номері АР14869941).

Жұмыстың мақсаты - пиридинкарбон және гидроксibenзой қышқылдарының жаңа полифункционалды туындыларын синтездеу, олардың құрылымын, түзілу реакцияларының механизмдерін, биологиялық қасиеттерін зерттеу, сондай-ақ айқын биобелсенділігі бар жаңа қосылысты өндірудің технологиялық регламентін әзірлеу.

Диссертациялық жұмыстың міндеттері:

1. Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдарының гидразидтері негізінде жаңа гидразондар мен тиосемикарбазидтерді синтездеу, олардың түзілу заңдылықтары мен реакциялық қабілеттіліктерін зерттеу;

2. Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдарының туындыларының тұйықдекстриндермен суда еритін кешендерін алу. Кешендердің түзілу механизмдерін анықтау;

3. Синтезделген жаңа қосылыстардың құрылымдарын заманауи әдістер: ИҚ-, УК-спектроскопия, бір өлшемді ^1H , ^{13}C және екі өлшемді COSY (^1H - ^1H), НМҚС (^1H - ^{13}C) ЯМР, масс-спектрометрия, рентгенқұрылымдық талдау және жоғары тиімді сұйықтық хроматографиясы әдістерінің көмегімен анықтау;

4. Синтезделген қосылыстарды биологиялық белсенділіктің кең спектріне зерттеу (вирусқа қарсы, микробқа қарсы, цитоуыттылық және гемореологиялық). Биологиялық белсенділігі жоғары жаңа қосылыс субстанциясын алудың зертханалық-технологиялық регламентін әзірлеу.

Зерттеу нысандары: никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдарының гидразидтері, олардың негізінде синтезделген жаңа гидразондар және β - мен γ -тұйықдекстриндермен түзілген кешендері.

Зерттеу пәні: Никотин, изоникотин және 2-, 4-гидроксибензой қышқылдары гидразидтерінің негізінде жаңа туындыларды синтездеу әдістері, олардың құрылымы мен қасиеттері, суда еритін кешендердің алу тәсілдері, сондай-ақ жаңа фармакологиялық белсенді зат – 2-((2-изоникотиноилгидразоно)метил)бензой қышқылы субстанциясын өндірудің технологиялық регламенті.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразидтерін орынбасқан ароматты және ациклді альдегидтермен түрлендіру микробтарға және вирустарға қарсы әсері бар жаңа қосылыстарды синтездеуге мүмкіндік береді.

2. Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразидтерінің туындыларын 2-формилбензой қышқылымен әрекеттестіру кезінде циклизация реакциясы жүзеге асып, жаңа фталимидиндер түзіледі.

3. 2-Метил-5-нитро-6-фенилникотиноилгидразондарды хош иісті альдегидтермен түрлендіру *Z*- және *E*-конфигурациялары түрлерінде болатын жаңа қосылыстардың түзілуіне әкеледі.

4. Никотин қышқылы азидін Курциус трансформациясы әдісімен модификациялау жаңа уретандар мен мочевина қатарына жататын қосылыстарды синтездеуге мүмкіндік береді.

5. Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразондары β - және γ -тұйықдекстриндермен кешен түзуге қабілетті, соның нәтижесінде суда еритін инклюзиялық құрылымдар алынады.

6. Вирусқа қарсы әсерінің жоғары көрсеткішімен ерекшеленетін 2-((2-изоникотиноилгидразоно)метил)бензой қышқылы - фармакологиялық белсенді

субстанцияны өндірудің технологиялық регламентін әзірлеуге ғылыми және тәжірибелік негіз бола алады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

1. Зерттеу барысында никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдарының жаңа гидразондарын алудың тиімді синтездік тәсілдері мен оңтайлы реакция шарттары айқындалды. Синтезделген қосылыстар микробтарға және вирустарға қарсы белсенді заттарды әзірлеуде қолдануға болатын субстраттар ретінде бағаланды.

2. 2-формилбензой қышқылының никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразидтерімен өзара әрекеттесуі арқылы жаңа биологиялық белсенді гидразондар және олардың гетероциклді туындылары - жоғары өнімділігі бар фталимидиндер синтезделді.

3. Жұмыста алғаш рет 2-метил-5-нитро-6-фенилникотиногидразид негізіндегі гидразондарды синтездеу кезінде реакциялар 3:2 қатынасы бар *Z*- және *E*- изомерлер қоспасын түзу арқылы жүретіні анықталды.

4. Алғаш рет никотин қышқылы хлорангидридін әртүрлі табиғи алкалоидтар молекулаларымен әрекеттестіру арқылы жаңа амидтер синтезделді, сондай-ақ никотин қышқылы азидін спирттермен және цитизин алкалоиды молекулаларымен түрлендіру реакциялары негізінде жаңа уретандар мен мочевиаларды алу әдістемелері жасалды.

5. Никотин, изоникотин, 2 - және 4-гидроксибензой қышқылдары туындыларының β - және γ -тұйықдекстриндермен суда еритін инклюзиялық кешендері синтезделді. Вирусқа қарсы айқын белсенділігі бар 2-((2-изоникотиноилгидразоно)метил)бензой қышқылының суда еритін субстанциясын алудың зертханалық регламенті жасалды.

6. Синтезделген жаңа қосылыстардың вирусқа қарсы, микробтарға қарсы белсенділіктеріне, цитоуыттылық және гемореологиялық қасиеттеріне биологиялық скрининг жүргізілді. Биоталдау нәтижелері бойынша микробтарға (5 зат), вирустарға қарсы (5 зат) және гемореологиялық (1 зат) белсенділіктерге айқын көрсеткіштері бар жаңа қосылыстар анықталды.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы: Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразидтерінің жаңа бағыттағы биобелсенді туындыларын алу әдістемелері мен нәтижелері дәрілік химия технологиялары саласындағы ғылыми білімді кеңейтеді және тереңдетеді.

Практикалық маңыздылығы: диссертациялық зерттеу барысында бұрын сипатталмаған 66 жаңа қосылысты синтездеу әдістері әзірленді. Алынған заттардың биологиялық белсенділіктеріне скринингтік зерттеулер жүргізіліп, айқын микробқа қарсы, вирусқа қарсы және гемореологиялық қасиеттерге ие перспективалы қосылыстар анықталды. Зерттеу нәтижелері негізінде вирусқа қарсы айқын белсенділігі бар 2-((2-изоникотиноилгидразоно)метил)бензой қышқылының суда еритін субстанциясын (шартты атауы - «Гинказон») өндіруге арналған зертханалық-технологиялық регламенті әзірленді.

Автордың жеке үлесі. Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары барысында ізденуші отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерді іздеуге

және нәтижелерді талдауға тікелей қатысты. Никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразидтерінің жаңа туындыларын алу әдістемелерін орындау, алынған ғылыми деректерді өңдеу, сондай-ақ жаңа зерттеу нәтижелерін ғылыми жарияланымдарға дайындау жұмыстарын орындады.

Зерттеудің әдіснамалық базасы және нәтижелердің сенімділігі. Зерттеу барысында жаңа қосылыстарды синтездеу және реакция нәтижесінде түзілген өнімдерді бөліп алу дәстүрлі органикалық химия әдістерімен жүргізілді. Жаңа қосылыстардың биологиялық белсенділіктері анықталып, құрылымдарын растау және сипаттау үшін ИҚ- және УК-спектроскопия, бір өлшемді (^1H және ^{13}C) және екі өлшемді ЯМР спектроскопиясы (COSY (^1H - ^1H), НМҚС (^1H - ^{13}C)), масс-спектрометрия, рентгенқұрылымдық талдау, сондай-ақ жоғары тиімді сұйықтық хроматографиясы қолданылды.

Жұмысты апробациялау. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері келесі ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланды: «Теориялық және эксперименттік химия» (Қарағанды, 2023); «Жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері» (Петропавл-Сургут-Баку-Ташкент, 2024); Жас ғалымдардың XXV мерейтойлық ғылыми-практикалық конференциясы «XXI ғасырдағы химия және химиялық технология» профессор В.П. Лопатинскийдың 100 жылдығына арналған (Томск, 2024); «Химия және химиялық технология бойынша XII Халықаралық Бірімжанов съезі» (Алматы, 2024); Ғылыми форум: медицина, биология және химия LXXVII халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Мәскеу, 2025), «Silk road Chemistry: Modern chemical Technologies and Science. Collection of abstracts» (Қарағанды, 2025); «Е.А. Бөкетовтің ғылыми көкжиектері конференциясы» (Қарағанды, 2025); «Әбішев оқулары - Қазақстан Республикасының тау-кең металлургия кешеніндегі заманауи ғылымның, цифрлық технологиялардың, жасанды интеллект пен өнеркәсіптік өндірістің интеграциясы» V Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2026); Жаратылыстану-1: «Білім беру мен ғылымдағы инновациялар» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Шымкент, 2026).

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 22 жұмыс, оның ішінде 2 мақала халықаралық Molecules журналында (Q2, 81%), 1 мақала Russian Journal of General Chemistry журналында (Q4, 28%), 1 мақала Russian Journal of bioorganic Chemistry журналында (Q4, 17%), 1 мақала Eurasian chemico-technological journal журналында (Q4, процентиль 20%), 1 мақала Eurasian Journal of Chemistry журналында, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдар тізбесіне кіретін: ҚР ҰҒА хабаршысы журналында 1 мақала, ҚазТБУ хабаршысы журналында 3 мақала, 1 монография, сондай-ақ халықаралық ғылыми конференциялардағы 9 баяндаманың материалдары мен тезистері жарияланған, №8205 «Айқын антивирустық белсенділікке ие «2-((2-изоникотиноилгидразон)метил)бензой қышқылы» және №12361 «Айқын

антивирустық белсенділікке ие 2-(4-гидроксибензоил)-N-(нафтален)гидразино-1-карботиоамид» пайдалы моделдеріне ҚР 2 патенті алынды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен - эксперименттік зерттеулер мен талқылау нәтижелерінен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен, қосымшадан тұрады. Диссертация көлемі 165 баспа мәтінінің беттері, 16 кесте және 26 сурет. Пайдаланылған көздер саны - 140. Қосымшаларда жаңа қосылыстардың биосынақтар актілері келтірілген.

Алғыс білдіремін. Ғылыми кеңесшілеріме - х.ғ.д., проф. О.А. Нуркеновке, х.ғ.к., проф. С.К. Кабиеваға, х.ғ.д., проф. И.В. Кулаковқа, м.ғ.д., проф. С.Б. Жаутиковаға ғылыми кеңестеріне және жетекшіліктеріне, синтез жұмыстары нәтижесінде алынған жаңа қосылыстардың құрылымдарының ЯМР ^1H , ^{13}C спектрлерін талдауға көмектескен х.ғ.к., проф. Т.М. Сейлхановқа алғысымды айтамын. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының академигі, х.ғ.д., проф. С.Д. Фазыловқа органикалық реакциялардың әрекеттесу механизмдері бойынша құнды кеңестері үшін шың жүректен алғысымды білдіремін.

ӘДЕБИ ШОЛУ

Биологиялық белсенді жаңа қосылыстарды іздестірудің тиімді бағыттарының бірі - белгілі дәрілік заттардың молекулалық құрылымын мақсатты түрде түрлендіру. Мұндай тәсіл олардың құрамына жаңа функционалдық топтарды енгізу арқылы бастапқы қосылыстардың фармакологиялық қасиеттерін өзгертуге немесе күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың әдеби шолу бөлімінде никотин, изоникотин, 2- және 4-гидроксибензой қышқылдары гидразидтерінің туындыларын синтездеу әдістері, олардың қатысуымен жүретін негізгі реакциялар және биологиялық белсенділік түрлері бойынша әдеби деректер жинақталып, жүйеленді.


1.1 Никотин және изоникотин қышқылдарының биологиялық белсенді туындылары

Дәрілік белсенділігі бар жаңа химиялық қосылыстарды әзірлеудің тиімді бағыттарының бірі - бұрыннан белгілі дәрілік заттардың химиялық өзгертілген түрлерін алу болып табылады. Құрылымдық негіз ретінде көбіне жоғары тиімділігі дәлелденген дәрілік препараттар пайдаланылады. Осындай қосылыстардың ішінде микробқа қарсы белсенділігімен ерекшеленетін карбон қышқылдарының гидразидтері маңызды орын алады.


Изоникотин қышқылының гидразиді (ИНҚГ), медицинада тубазид атауымен белгілі. Бұл қосылыс айқын биологиялық белсенділік көрсетіп, әртүрлі жұқпалы ауруларды емдеуде кеңінен қолданылады [1]. Қазіргі уақытта ИНҚГ өзінің жоғары фармакологиялық белсенділігі мен қолжетімділігіне байланысты туберкулезге қарсы негізгі дәрілік заттардың бірі болып саналады. Препараттың ерекшелігі - туберкулез микобактерияларының өсуін өте төмен концентрацияларда тиімді тежеу қабілеті [2,3].

Тубазидтің ең жоғары емдік әсері туберкулез ауруының бастапқы және белсенді кезеңдерінде байқалады. Бұл препараттың басты кемшілігі - оған микобактериялардың төзімділігі тез қалыптасады. Сондықтан туберкулездің ауыр түрлерінде тубазид көбіне қосалқы дәрілік дәрмектермен бірге кешенді ем құрамында пайдаланылады [2-4].


Қазіргі таңда ИНҚГ-нің фтивазид, метазид, салюзид және ларусан сияқты туындылары медицинада кеңінен пайдаланылады.




Тубазид



Фтивазид



Салюзид



Фтивазид 4-окси-3-метоксибензальдегидтің изоникотиноилгидразоны болып табылады және туберкулез микобактерияларына қатысты айқын және қатаң бағытталған әсер көрсетеді. Бұл қосылыстың маңызды артықшылығы оның тубазидпен салыстырғанда уыттылығы төмен [1,2].

Салюзид – ИНҚГ-ның тағы бір туындыларының жоғары тиімді өкілі. Құрылымдық жағынан ол 2-карбоксив-3,4-диметоксибензальдегидтің изоникотиноил гидразоны болып табылады және химиотерапиялық әсер ету спектрі бойынша фтивазидке жақын. Оның суда жақсы ерігіштігімен ерекшеленетін еритін салюзид деп аталатын диэтиламмоний тұзы ерекше қызығушылық тудырады. Препараттың бұл түрі туберкулездің зақымдану аймақтарына тікелей жергілікті енгізу үшін қолданылады, бұл ошақтағы белсенді заттың жоғары концентрациясын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, еритін салюзид алапес пен жүйелі қызыл жегіні емдеуде емдік тиімділігін көрсетті [3,4].


Метазид (метиленбисизоникотиноилгидразин) изоникотин қышқылы гидразидінің формальдегидпен әрекеттесуі арқылы жасалады. Оның уыттылығы фтивазидке қарағанда біршама жоғары болса да, препарат ИНҚГ-ның өзіне қарағанда жақсы төзімді және белсенділігі жағынан бірнеше есе жоғары. Метазидті клиникалық қолдану саласы көбінесе фтивазидті тағайындау көрсеткіштерімен сәйкес келеді.

Ларусан – фурфуралиденацетонның изоникотиноилгидразоны және емдік тиімділігі бойынша фтивазидпен салыстыруға болады. Пиридинкарбон қышқылы гидразидінің туындыларына иприазид пен ниаламид жатады [1]. Алайда, бұл қосылыстар туберкулезге қарсы белсенділікке ие емес және негізінен антидепрессант ретінде қолданылады.


Ниаламид, жоғарыда қарастырылған изоникотин қышқылының туындыларынан айырмашылығы, туберкулезге қарсы белсенділікті көрсетпейді. Дегенмен, жарияланған клиникалық деректер оның созылмалы алкогольизмнің кешенді терапиясының құрамындағы тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, ниаламид анальгетикалық препараттар мен жергілікті анестетиктердің әсерін күшейте алады [2].

Ипрониазид моноаминоксидазаның селективті емес ингибиторларының қатарына жатады. Денеді ол дезалкилденуден өтеді, оның барысында ол ипрониазидке - туберкулезге қарсы прототипке айналады. Ипрониазидтен айырмашылығы, ипрониазид моноаминоксидазаның белсенділігін қайтымсыз блоктайды, бұл негізінен ми құрылымдарында моноаминді нейромедиатордың, атап айтқанда серотониннің жиналуын тудырады. Алайда, оны қолдану айқын

гепатотоксикалық әсерге байланысты шектеулі, осыған байланысты препарат фармакотерапиялық тәжірибеден шығарылды [1-3].




Ипразид




Ниаламид

Соңғы жеті онжылдықта туберкулезге қарсы белсенділік сипаттамалары жақсартылған изониазидтің жаңа туындыларын жасауға бағытталған қарқынды зерттеулер жалғасуда [3-5]. Мұндай қосылыстардың бір мысалы – альдазон - 1-изоникотинил-2-глюкозилгидразон, ол 15 есе аз уыттылығымен, ұзақ әсер етуімен және бастапқы изониазидтің туберкулезге қарсы белсенділігімен ерекшеленеді [1,4]. Туберкулез химиотерапиясы үшін жоғары тиімді және аз уытты құралды әзірлеу мақсатында пероксидаза тотығуын прокатализатор рөлін атқаратын екі валентті темірі бар изониазид кешені болып табылатын феназид дәрісі құрылды [6]. Осы құрылымның арқасында феназид *Mycobacterium tuberculosis* дәріге төзімділігіне тәуелсіз және жануарлар мен адам ағзасы үшін қауіпсіз бактериостатикалық әсердің көрінісі үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін бірегей қасиеттердің жиынтығына ие болды. Күшті химиялық байланыстар арқылы олардың құрылымына дәрілік молекулаларды қосу арқылы гидразидтердің модификациясы препараттардың фармакологиялық және физика-химиялық қасиеттерін өзгертудің перспективалық тәсілі ретінде қарастырылады. Бұл стратегия әсер ету ұзақтығын арттыруға, сақтау тұрақтылығын жақсартуға, ерігіштігін арттыруға және қосылыстардың уыттылығын төмендетуге мүмкіндік береді. Мұндай туындылардың полимерлік формаларын реттелетін фармакокинетикалық параметрлері бар туберкулезге қарсы агенттер ретінде қарастыруға болады. Бұл бағыттағы алғашқы зерттеулер 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың басында басталды [8]. Бүгінгі таңда туберкулезге қарсы белсенділіктің кең спектрі және әртүрлі уыттылығы бар изоникотин қышқылы гидразид туындыларының айтарлықтай саны белгілі [1,7,8]. Алайда, бактериялық және вирустық қоздырғыштардың есірткіге төзімділігінің жоғарылауы проблемасы терапевтік арсеналды жаңа, тиімдірек және аз уытты препараттармен үнемі кеңейту қажеттілігін тудырады.

Жаңа биологиялық белсенді заттарды табудың классикалық тәсілдерінің бірі химиялық қосылыстар кітапханаларының синтезі болып қала береді, содан кейін олардың *in vitro* белсенділігін зерттейді. Бұл тұрғыда перспективалық қасиеттерді көрсететін және одан әрі оңтайландыру үшін әлеуетті үміткерлер ретінде қарастырылатын 3-пиридинкарбон қышқылының (1.1)-(1.6) туындылары маңызды ғылыми қызығушылық тудырады [9-11].



Никотин қышқылының туындылары негізінде де қазіргі медициналық тәжірибеде кеңінен қолданылатын дәрілік заттардың едәуір мөлшері жасалды. Атап айтқанда, 3-гидроксиникотин қышқылының амидтері жүрек-қан тамырлары ауруларын, онкологиялық процестерді, ЖҚТБ-ны және басқа да бірқатар патологиялық жағдайларды емдеуде қолданылатын фармакологиялық белсенді қосылыстарды құруға негіз болды [11-13]. Осындай препараттардың бірі – «Кордиамин» - никотин қышқылының диэтиламиді, ол қазіргі уақытта клиникалық тәжірибеде жүрек-қан тамырлары жүйесінің бұзылуын емдеу құралы ретінде сұранысқа ие болып қала береді. [11], [14-16].




Кордиамин

Никотин қышқылының кейбір туындылары ұзақ уақыт бойы гиполлипидемиялық, нейротропты және тамыр кеңейтетін препараттар ретінде, атап айтқанда мидағы қан айналымды жақсарту үшін қолданылған. [17]. Алайда, айқын жанама әсерлерге байланысты – терінің гиперемиясы, глюкозаға сезімталдықтың төмендеуі, гистамин секрециясының жоғарылауы және бауыр жеткіліксіздігінің даму қаупі - бұл қосылыстар цереброваскулярлық ауруларды және тамырлы когнитивті бұзылуларды емдеуде қазіргі уақытта клиникалық фармакологиялық тәжірибеден шығарылды [18].



Алайда, никотин қышқылының бірқатар туындылары клиникалық медицинада да, биохимиялық зерттеулерде де белсенді қолданылып келеді. Олар пролиферативті ауруларды, өкпе артериялық гипертензиясын және В6 витаминінің жетіспеушілігімен байланысты эпилепсияны емдеуде қолданылады [19,20]. Сонымен қатар, бұл қосылыстар калий арнасының модуляторлары, адамның иммун тапшылығы вирусының ингибиторлары және HIF-2α сияқты гипоксияда белсендірілген транскрипция факторларының блокаторлары ретінде зерттеледі [20]. Жұмыста [21] никотинаттар мен изоникотинаттардың (1.7)-(1.11) *n*-броманилинмен және *m*-аминофенолмен конденсациясы азометиндерді (1.12)-(1.17) синтездейтіні көрсетілген, олар натрий триацетоксиборгидридмен тотықсызданған кезде сәйкес аминдерді (1.18)-(1.23) береді.

5-Арилизоксазол және 4,5-дихлоризотиазолкарбонил хлоридтерін пайдалана отырып, никотинат пен изоникотинаттың (1.18)-(1.23) амин туындыларының ацилденуі изоксазол және изотиазол фрагменттерінің қалдықтарын қамтитын күрделі эфирлер мен амидтердің түзілуіне әкеледі.



3-(O)C 1.12, 1.18; 4-O(C) 1.13-1.17; 1.19-1.23; R¹ = H 1.12, 1.13, 1.18, 1.19, 2-MeO, 5-(O)C 1.14, 1.20, 2-MeO, 4-(O)C 1.15, 1.21, -EtO, 4-(O)C 1.16, 1.17, 1.22, 1.23; R²=4-BrC₆H₄ 1.12-1.14, 1.16, 1.18-1.20, 1.22, 4-FC₆H₄ 1.15, 1.21, 1.28, 3-HOC₆H₄ 1.17, 1.23

Гидроксibenзальдегидтері бар никотин және изоникотин қышқылдарының осындай күрделі эфирлерінің негізінде изоксазол және изотиазол типтерінің кіріктірілген гетероциклдері бар функционалды алмастырылған қосылыстар сериясы синтезделді [22-26].



(1.24), (1.27)-(1.29), (1.31) (1.25), (1.30) (1.26)

3-(O)C 1.24; 4-O(C) 1.25-1.31; R¹ = H 1.24, 2-MeO, 5-(O)C 1.25-1.27, 2-MeO, 4-(O)C 1.28, 2-EtO, 4-(O)C 1.29-1.30; R²=4-BrC₆H₄ 1.24-1.27, 1.29, 1.30, 4-FC₆H₄ 1.28; R²=X³¹

Жаңа биологиялық белсенді қосылыстарды құрудың перспективалық тәсілдерінің бірі - никотин қышқылы мен гидразон фрагменттерін біріктіретін «гибридті молекулалардың» синтезі. Гидразондар бір ғасырдан астам уақыт бойы зерттеліп келеді және олардың әмбебаптығы мен қолданудың кең ауқымы арқасында зерттеушілердің назарын аударуды жалғастыруда [27].

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопоеясына сәйкес гидразондар безгекке қарсы, ісікке қарсы, бактерияға қарсы және антивирустық агенттер ретінде қолданылатын заттардың маңызды тобы болып қала береді. Гидразондардың жоғары химиялық белсенділігі оларды жаңа биоактивті қосылыстарды синтездеуде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Әсіресе бензилиденгидразон туындылары маңызды аралық өнімдер болып саналады. Олардың құрамындағы азотин тобы қосылыстардың биологиялық белсенділігіне елеулі әсер етеді, сондықтан гидразондар жаңа биологиялық белсенді заттарды алуда перспективалы қосылыстар қатарына жатады.


1.2 Изоникотин қышқылының гидразондары, жаңа фармакологиялық заттарды іздеудегі перспективті синтондар ретінде

ИНҚГ гидразон туындыларының туберкулезге қарсы белсенділіктері, олардың құрамындағы изоникотин қаңқасымен байланысты. Бұл қосылыстар Шифф негіздеріне жатады. Олар бактериялар мен саңырауқұлақтарға қарсы әсер көрсетіп қана қоймай, органикалық химияда әртүрлі молекулалық процестерді зерттеуде де кеңінен қолданылады [28,29].


Зерттеулерге сәйкес [30], изониазидтің пиридин альдегидтерімен және кетондармен әрекеттесуінде түзілетін гидразондар никотиноил-гидразондарға қарағанда туберкулезге қарсы жоғары белсенділік көрсетеді. Мұндай айырмашылық олардың d- және f-блок металдарының иондарымен тұрақты кешендер түзе алу қабілетіне байланысты.

ИНҚГ гидразин туындыларының ішінде ең кең таралғандарының бірі - фтивазид. Басқа туберкулезге қарсы препараттармен салыстырғанда оның ұйымшылдығы төмен және науқастар оны жақсы көтереді. Осы қасиеттерінің арқасында бұл препарат бүгінгі күнге дейін туберкулездің әртүрлі түрлерін емдеуде қолданылып келеді [30].

Қазіргі кезде клиникалық тәжірибеде ИНҚГ гидразидінің туындылары болып табылатын салюзид және ларусан препараттары да кеңінен қолданылады. Бұл қосылыстар туберкулезді емдеуде тиімді химиотерапиялық дәрілердің қатарына жатады.



Салюзид




Ларусан


Гидразондарға деген қызығушылық олардың биологиялық белсенділігімен ғана емес, сонымен қатар металл иондарымен кешенді қосылыстар түзе алу қабілетімен де байланысты. Олар аналитикалық химияда кеңінен қолданылады. Қарапайым Шифф негіздерімен салыстырғанда ароил және гетероароил гидразондарының құрамында донорлық орталықтар болады. Бұл олардың химиялық қасиеттерін кеңейтіп, биологиялық белсенділігін арттырады.

Бернхард пен оның әріптестері [31] темір иондарымен хелат түзетін бірқатар қосылыстарды зерттеген болатын. Олардың ішінде 2-пиридинкарбальдегидоизоникотиноилгидразон (1.32, НРСІН) және ди-2-пиридилкетонизоникотиноилгидразонға (1.33, НРКІН) ерекше назар аударылды. Зерттеу нәтижелері бұл қосылыстардың зертханалық тышқандарға ауыз арқылы енгізілгенде темір иондарын *in vitro* және *in vivo* жағдайларында тиімді байланыстырып, ағзадан шығаруға қабілетті екенін көрсетті.


Зерттеулер ди-2-пиридилкетонизоникотинилгидразонның (1.33) онкологиялық ауруларды емдеуде қолдану мүмкіндігі бар екенін көрсетті [31]. Изоникотин қышқылының гидразидімен 2-ацетилпиридиннің конденсациясы негізінде жаңа қосылыс - 2-ацетилпиридилизоникотиноилгидразон (1.34) алынды, оның құрылымы мен негізгі физика-химиялық қасиеттері жұмыстарда егжей-тегжейлі қарастырылды [32-34].



Безгек (малярия) – жыл сайын 500 миллионнан астам адам жұқтыратын, шамамен 2 миллион науқас өлетін *Plasmodium* тектес паразиттер тудыратын ауыр ауру. Көптеген қолданыстағы дәрі-дәрмектерге төзімді *Plasmodium Falciparum* штамдарының таралуы ерекше алаңдаушылық туғызады, бұл жаңа терапевтік агенттерді әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Бұл бағыттағы перспективалы қосылыстардың бірі - 2-гидрокси-1-нафтилальдегид изоникотиноилгидразон (2.35), ол десферриоксаминмен салыстырғанда безгекке қарсы жоғары белсенділікті көрсетті.




Гидразидогидразондар класына жататын және 2-ацетилимидазо[4,5-b] пиридинмен ИНҚГ реакциясы арқылы синтезделген қосылыс (1.36) туберкулезге қарсы белсенділікті көрсетті. Ол әртүрлі *Mycobacterium tuberculosis* штамдарының (соның ішінде H37Rv, 192 және 210), соның ішінде 3,13 мкг/мл концентрациясында ИНҚГ, этамбутол және рифампицинге төзімді штамдардың өсуін тиімді тежеді [35].



Изоникотиноилгидразонның жаңа туындыларын үнемі іздеу шеңберінде 2-орыналмастырылған изоникотиноил гидразидтері мен цианоборандар синтезделіп, сипатталды. *In vitro* кеңейтілген антимиико-бактериялық тестілеу


бұл қосылыстардың бір бөлігі 0,025-0,2 мкг/мл диапазонында жоғары белсенділікті, ал басқалары этамбутол мен рифампицинге төзімді *Mycobacterium tuberculosis* штамдарына қатысты орташа белсенділікті (6,25 - 12,5 мкг/мл) көрсетті. Сонымен қатар, гидразон функционалды тобы бар жаңа фторхинолон болып табылатын қосылыс (1.37) швейцариялық альбинос тышқандарында *in vivo* сыналған [36].




ИНҚГ молекуласының фрагментін қамтитын N'-апилиден-N-[2-оксо-2-(4-апилпиперазин-1-ил)этил]гидразид (1.38) қосылысы стандартты *Mycobacterium tuberculosis* H37Rv ATCC 27294 штаммына, сондай-ақ клиникалық изоляттарға қарсы бактерияға қарсы белсенділікке бағаланды.

In vitro зерттеулердің нәтижелері қосылыстың (1.38) айтарлықтай белсенділігін көрсетті:


- 1 мкг/мл концентрацияда H37Rv стандартты штаммына қарсы;
- клиникалық изоляттарға қарсы: сезімтал - 0,25-0,5 мкг/мл, төзімді-2-4 мкг/мл [37].



Stiram және басқа да авторлар [38] изоникотин қышқылының гидразид-гидразондарын қамтитын антимикобактериялық қосылыстардың жаңа сериясын синтездеді. 1-(4-фторфенил)-3-(4-[пиридин-4-карбонил]гидразоно) этилфенил)тиомочевина (1.39) жоғары белсенділік көрсететіні анықталды, ол *M. tuberculosis* H37Rv-ға қарсы МИК 0,49 мкМ көрсетіп, сондай-ақ ИНҚГ-не төзімді штамдарға қарсы әсер етеді [38].




Сондай-ақ шетелдік зерттеушілер [39] ИНҚГ, пиразинамид, *n*-аминосалицил қышқылы, этамбутол және ципрофлоксацин негізінде бірқатар гидразондарды синтездеді, 2-гидрокси-4-изоникотиноилгидразин метиламино-бензой қышқылы (1.40) 0,39 мкг/мл кезінде *M. tuberculosis H37Rv-ға* қарсы ең жоғары тежелуді (96%) көрсетті.



N'-[2-гидрокси-3-(пиперазин-1-илметил)-фенил]этилиден)изоникотиногидразид (1.40) МИК 0,56 мкм мәнімен ИНҚГ (МИК 2,04 мкм) қарағанда белсендірек агент екені анықталды [40].

Әдеби деректерде ИНҚГ-ның бірқатар жаңа гидразон туындыларының антимиқробтық, туберкулезге қарсы және зенге қарсы белсенділігі туралы мәліметтер бар, бұл осы классқа жататын жаңа қосылыстарды синтездеуге және олардың физиологиялық әсерін зерттеуге зерттеушілердің қызығушылығының артуына себеп болады [41-44]. [45] зерттеу жұмысында 4-формилфенил-N-фенилкарбаматтың (1.42) ИНҚГ-мен сипатталған.




Болжам бойынша, альдегидтердің нуклеофильді реагенттермен конденсация реакциялары өнімділігі жоғары (96%) өнімді (1.43) өндіруге әкеледі [45]. [46] еңбекте ИНҚГ ядросынан алынған қосылыстардың (1.44-1.56) бактерияға қарсы белсенділігін *in vitro* жобалау, синтездеу және бағалау үшін QSAR негізіндегі тәсілдер егжей-тегжейлі сипатталған. Бұл қосылыстар стандартты *M. tuberculosis h37rv* штаммында және екі мутацияланған штаммда сыналған, олардың біреуі тек *katG s315t* мутациясын, ал екіншісі *katG* генінің толық жойылуын ($\Delta katG$) тасымалдайды [47].

Бірқатар жаңа изоникотиноилгидразондар, соның ішінде (1.44), (1.45), (1.48) және (1.51), әртүрлі орыналмастырылған хош иісті альдегидтермен ИНҚГ функционализациясы арқылы синтезделді.

ИНҚГ-ның альдегидтермен конденсация реакциялары этанол ортасында жүргізілді, нәтижесінде тиісті Шифф негіздері пайда болды. Алынған қосылыстар бағаналы хроматографияны қолдана отырып, кристалды қатты заттар

түрінде окшауланған. (1.45) және (1.46) қосылыстары үшін ИНҚГ /альдегид 1:0,5 молярлық қатынасында хош иісті альдегидпен әрекеттесу тек бір альдегид тобының модификациясына әкелді. (1.46) және (1.47) қосылыстар этанолдағы NaBH_4 көмегімен сәйкес қосылыстарды (1.45) және (1.46) тотықсыздандыру арқылы алынады, содан кейін қайта кристалданады [46,47].



(1.44) R = 3-(CHO)


(1.45) R = 4-(CHO)

(1.46) R = 3-(CH_2OH)


(1.47) R = 4-(CH_2OH)

(1.48) R = 4-(COOCH_3)


(1.49) R = 4-(OC_6H_5)



(1.50)



(1.51)




(1.52) $\text{R}_1 = \text{H}$; $\text{R}_2 =$

$\text{CO}(\text{CH}_2)_8\text{CH}_3$

(1.53) $\text{R}_1 = \text{H}$;

$\text{R}_2 = \text{COCHCH}_3(\text{CH}_2)_4\text{CH}_3$

(1.54) $\text{R}_1 = \text{H}$; $\text{R}_2 =$ 

(1.55) $\text{R}_1 = \text{H}$; $\text{R}_2 =$

(1.56) $\text{R}_1 = \text{NHNH}_2$; $\text{R}_2 = \text{H}$


Қосылыстардың (1.45), (1.46), (1.47)-(1.49) антимикробтық белсенділігін бағалау *M. tuberculosis* H37RV (МИК $\approx 0,28$ мМ) қарсы белсенділігі бастапқы ИНҚГ-мен салыстырғанда (МИК $\approx 0,29$ мМ) жоғары. Белсенділіктегі айырмашылықтар стереохимияның ерекшеліктерімен, атап айтқанда алмастыр-ғыштардың табиғатымен және олардың белсендіру сатысында изоникотиноил радикалының қалыптасуы мен тұрақтануына қатысу қабілетімен байланысты. Алдыңғы зерттеулердей, липофильділік қосылыстардың биологиялық белсенділігіне айтарлықтай әсер етпеді, бұл таралу коэффициентінің логарифмі ($\log P_{o/e}$) мен МИК мәндері арасындағы корреляцияның болмауымен расталады [46].

(1.46)-(1.52) қосылыстары KatG S315T мутациясы бар, изониазидке төзімді *M. tuberculosis* клиникалық штамына қатысты ИНҚГ-мен салыстырғанда жоғары белсенділік көрсетті. Ең жоғары нәтиже көміртек атомдарының саны 10 болатын алкил тізбегі бар (1.52) қосылысында байқалды. Бұл қосылыс аталған төзімді штамға қарсы ИНҚГ-ге қарағанда шамамен алты есе тиімді болды [47].

Авторлар [48] *M. tuberculosis* H37Rv ATCC 27294 және изониазидке төзімді *M. tuberculosis* ATCC 35822 штамдарына қарсы (1.57)-(1.62) изоникотиноилгидразондарының алты жаңа туындысының *in vitro* жағдайындағы белсенділігін зерттеген.


Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, (1.57)-(1.62) қосылыстарының кейбірін субингибиторлық концентрацияда қолдану этамбутол, *p*-аминосалицил

қышқылы және рифампициннің минималды ингибиторлық концентрациясын 4-16 есе төмендеткен. Бұл аталған туындылардың туберкулезге қарсы препараттардың әсерін күшейте алатынын көрсетеді.






- | | |
|------------------------------|------------------------------|
| (1.57) R = 2-CH ₃ | (1.60) R = 3-Cl |
| (1.58) R = 3-CH ₃ | (1.61) R = 4-Cl |
| (1.59) R = 4-CH ₃ | (1.62) R = 4-NO ₂ |

Бұл жағдайда фракциялық тежегіш концентрация (ФТК) мәндері 0,17-0,37 тең болды. Бұл көрсеткіш қосылыстардың *Mycobacterium tuberculosis* H37Rv штамына қарсы синергиялық әсер көрсететінін дәлелдейді. Бұл қосылыстарды басқа препараттармен бірге қолданғанда олардың белсенділігі артқаны байқалды (ФТК 0,53-0,75). Осындай әсер изониазидпен бірге қолданғанда да анықталды. Әсіресе, (1.57)-(1.62) қатарындағы қосылыстардың бірі изониазидке төзімді *M. tuberculosis* ATCC 35822 штаммына қарсы күшті синергиялық әсер көрсетті (ФТК 0,26). Ал бақылау тәжірибелерінде мұндай нәтиже байқалмаған [49].



- (1.63) R₁ = R₂ = H
 (1.64) R₁ = CH₃, R₂ = H
 (1.65) R₁ = R₂ = CH₃




Әдебиетте келтірілген мәліметтерге сәйкес [49], изониазидтің жаңа туындыларын алу үшін әртүрлі циклдік 1,2,3-трикарбонил қосылыстары қолданылған. Олардың қатарына аллоксан (1.63), 1-метилаллоксан (1.64), 1,3-диметилаллоксан (1.65), нингидрин (1.66), хинизатин (1.67), сондай-ақ 7-метилизатин (1.68) мен 5-нитроизатин (1.69) жатады. Синтез реакциясы реагенттерді эквимольарлық мөлшерде алып, оларды су немесе спирт ерітіндісінде араластыру арқылы жүргізілген. Нәтижесінде изониазидтің жаңа туындылары алынған.


Синтезделген қосылыстар грам-оң және грам-теріс микроорганизмдерге қарсы *in vitro* жағдайында орташа микробқа қарсы белсенділік көрсетті. Ең жоғары белсенділік (1.65) және (1.66) қосылыстарында байқалды. Олардың ең аз бактериостатикалық концентрациясы (МБК) 15,6-62,5 мкг/мл аралығында болды. Бұл әсер аталған қосылыстардың құрамында хиназатин және изатин туындыларына ортақ –NH–CO–C=N– құрылымдық фрагментінің болуымен байланысты болуы мүмкін [49].

Зерттеуде [50] изоникотин қышқылы гидразидін карбонил қосылыстарының ацетальды туындыларымен конденсациялау реакциясы зерттелді. Осы тәсіл арқылы ИНҚГ негізінде жаңа туындылар алынып, олардың қатары кеңейтілді. Конденсация реакциялары изоникотин қышқылы гидразиді мен алмастырылған сірке, пропион және басқа альдегидтердің ацетальдары арасында жүргізілді. Ацеталдарды қолданудың негізгі артықшылықтарының бірі-көптеген альдегидтер тұрақсыз және оларды реакцияларда тек қорғалған түрінде қолдануға болады. Конденсация екі кезеңде жүреді: бірінші кезеңде ацеталдың қышқыл гидролизі жүреді, содан кейін пайда болған альдегид ИНҚГ-мен әрекеттесіп, мақсатты өнімдердің пайда болуына әкеледі (1.70)-(1.75) [50].


ИНҚГ диальдегид ацеталдарымен әрекеттескенде сәйкес гидразондар түзіледі (1.78)-(1.79). Диальдегидті ацеталдарды (1.76) және (1.77) қолданған жағдайда конденсация екі карбонил тобына да әсер етеді, нәтижесінде күрделі құрылымдар пайда болады.



Зерттеуде [50] алмастырылған және алмастырылмаған альдегидтердің ацетальды конденсациясы арқылы алынған бірқатар жаңа ИНҚГ туындылары синтезделді және сипатталды. Өнімдердің құрылымын анықтау және растау үшін талдаудың заманауи физика-химиялық әдістері қолданылды.



Изоникотин қышқылының гидразидтері α -кетоглутар қышқылының (1.80) және гидразондардың (1.81) және (1.82) түзілуіне әкелетін В₆ дәрумені мен α -кетоглутаров қышқылымен әрекеттесуге қабілетті екендігі анықталды.




ИНҚГ-ның В₆ дәруменімен өзара әрекеттесуі оның ағзадағы деңгейінің төмендеуіне әкеледі, бұл В₆ гиповитаминозының дамуына ықпал етуі мүмкін, осыған байланысты туберкулезді ИНҚГ негізіндегі препараттармен емдегенде пациенттерге жетіспеушіліктің алдын алу үшін В₆ дәруменін қосымша қабылдау тағайындалады [50].


Әдеби деректерде [51] алғаш рет изоникотиноил гидразондарының (1.86)-(1.88) жаңа сериялары синтезделіп, сипатталды. Қосылыстар (1.86)-(1.88) карбонил қосылыстарының қарапайым конденсациясы арқылы - 2-формилпиридин (1.83), 2-ацетилпиридин (1.84) және 2-бензоилпиридин (1.85) изоникотин қышқылы гидразидімен синтезделді.

Азметин фрагментінің көміртегі атомында метил тобы бар гидразондардың құрылымында бұл атом реактивтіліктің жоғарылағанын көрсетеді. Пиридин альдегидтері мен кетондары бар изоникотиноилгидразиннің конденсациясы нәтижесінде алынған гидразондар (1.86)-(1.88) туберкулезге қарсы белсенділіктің жоғарылағанын көрсетті [51].

Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар (СЕҚҚП) қабынуға қарсы, анальгетикалық және антипиретикалық әсері бар клиникалық препараттардың ең көп қолданылатын кластарының бірі болып табылады [52, 53]. Олардың ішінде фармацевтикалық нарықта ұсынылған хош иісті пропан қышқылдары әсіресе тиімді, бірақ басқа СЕҚҚП сияқты, олар асқазан-ішек жолдарының жанама әсерлерін тудыруы мүмкін [54].




Авторлардың зерттеуінде [55] препараттың емдік тиімділігін арттыру және пациенттердің ағзасына жағымсыз реакцияларды азайту мақсатында изониазидтің амид туындылары (1.95)-(1.98) 4-оксо-4-(4-алмастырылған фенил) бутан қышқылдарымен (1.91)-(1.94) конденсация арқылы синтезделді.



4-оксо-4-(фенил)бутан қышқылдарының (1.91)-(1.98) синтезінің бірінші кезеңінде алмастырылған бензолдардың конденсациясы (1.89) кәріптас ангидридіден (1.90) сусыз алюминий хлоридінің қатысуымен, Фридель-Крафтс ацилдену шарттарына сәйкес қолданылды.

Алынған қышқылдар негізінде изониазидтің жаңа амид туындылары (1.95)-(1.98) синтезделді. Синтез 4-оксо-4-(фенилалмастырылған)бутан қышқылдары (1.91)-(1.94) изониазидпен құрғақ пиридин ортасында әрекеттестіру арқылы жүрді. Конденсациялаушы агент ретінде фосфор оксихлориді (POCl₃) қолданылды [55]. Реакциялардың нәтижесінде мақсатты өнімдер 54-72% шығыммен алынды. Зерттеу барысында кейбір қосылыстардың қабынуға және бактерияға қарсы белсенділігі жоғары екені анықталды. Сонымен қатар олардың улыцерогендік әсері төмен болды. Сондықтан бұл қосылыстар асқазан-ішек жолына жағымсыз әсері жиі байқалатын дәстүрлі СЕҚҚП-мен салыстырғанда тиімдірек болуы мүмкін [55].

Әдебиеттерде изониазид туындыларын синтездеу үшін механохимиялық әдісті қолданылған зерттеулер де бар [56-63]. Механохимиялық әдіс арқылы фталазолдар, феназидер, пиразолдар, пиридазинондар және пирролдар сияқты әртүрлі гетероциклді қосылыстар алынған [60-63]. Бұл әдіс еріткішсіз, қатты фазада жүретін реакциялар арқылы иминдер, азометиндер, азиндер, анизаминдер және гидразондар сияқты азотты қосылыстарды синтездеуге де мүмкіндік береді [64-66]. Осы зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, еріткіш қолданбай жүргізілетін механохимиялық тәсіл гидразондарды, соның ішінде изоникотиноил туындыларын (1.99-1.102) синтездеуде де тиімді қолданылды.




Изониазид туберкулездің алдын алу және оны емдеу үшін ең жиі қолданылатын тиімді препараттардың бірі болғанымен, оның уыттылығы жоғары ($LD_{50} = 178$ мг/кг). Осыған байланысты қазіргі таңда оның уыттылығын төмендетіп, қауіпсіздігін арттыру жолдарын іздеуге ерекше көңіл бөлінуде.

[67] жұмыста изониазидтің жалпы уыттылығын азайту тәсілі ұсынылған. Ол үшін изоникотин қышқылының гидразиді изостевиолдың энт-бейер қаңқасымен және оның әртүрлі туындыларымен байланыстырылып, жаңа конъюгаттар алынған.

Изостевиол (1.103) *Stevia rebaudiana Bertonii* өсімдігінің гликозидтерінің қышқылдық гидролизінің негізгі өнімі болып табылатын дитерпеноид. Ол сондай-ақ өзінің гипертензияға қарсы және гипотензивті қасиеттерімен, сонымен қатар келесі маңызды қабілеттерімен белгілі:


- тотығу фосфорлануын тежеу;
- АТФ-тәуелді ферменттердің, соның ішінде кейбір фосфатазалардың, оксидазалардың және дегидрогеназалардың белсенділігін төмендету.

Осылайша, изониазидтің изостевиолмен конъюгациясы уыттылығы төмен және биологиялық белсенділігі жоғары туберкулезге қарсы жаңа препараттарды іздеу және әзірлеу үшін перспективалы бағыт болып көрінеді.




